

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени
аль-ФАРАБИ



ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Халықаралық ғылыми-практикалық және
теориялық конференциясының
материалдары**

Алматы 6-7 желтоқсан 2006 ж.

**ТЕОРИЯ МАССОВОЙ КОММУНИКАЦИИ И
НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

**Материалы международной научно-практической
и теоретической конференции**

Алматы 6-7 декабря 2006 г.

Алматы 2006

Ш.А. Жаксыбаева Миграция и ее освещение в печатных СМИ	91
Тұрғынбаева Ж. Термин баламасын қалыптастырудағы баспасөздің рөлі —	95
Алтыбаева С.М. Коммуникативные аспекты казахской литературы периода независимости	98
Алжанова А.Б. Западноевропейские ученые и публицисты XIX века о Казахстане	101
Нуршатаева А. Лингвистический аспект информационно-технических особенностей гипертекста 104 Азизова З.Т. Перспективы развития СМИ и этнополитических процессов при формировании этнической политики РК —	107
Әуесбайұлы Қ. Республикалық телеарналардағы ақпараттық бағдарламалардың тарату ерекшеліктері	111
Қамзина Ә.К. Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық және ұлтаралық сипаты	114
Кундахбаева А.Т. «Проблемы и перспективы развития СМИ в Астане» -	117
Альжанова А.Б. Русско-казахские литературные связи XIX века.....	121
<i>Щ-</i>	
С. Лось Интернет-журналистика на информационном рынке Казахстана.....	124
Макенова А.Ә. Қазақстанда мүлікке салық салу жүйесін жетілдіру жолдары -	127
Бекболатұлы Ж. Республиканың электронды ақпараттық кеңістігі.....	130
Жарылқасынова М.Ж. Құрылыс өндірісі шығындарының аудиті	133
Иманғалиева М. Жекен Жұмаханов - жасампаз еңбек жаршысы -	137

Қазақстанда мүлікке салық салу жүйесін жетілдіру жолдары

Салық жүйесі нарықтық экономиканың маңызды белсенді элементі болып табылады. Ғылыми негізделген, шынайы өзгерістерді бейнелейтін салық жүйесі, экономикалық процестерге оң ықпал етіп, жағымсыз жағдайлардың орын алуына жол бермей, қоғамда өркениетті құқықтық қатынастарды нығайтады.

Әйтсе де, қазіргі қолданыстағы салық жүйесінде салық ауыртпалығы еңбек пен ағымдағы табыстарға көбірек түсуде. Олардан түскен түсім мүлікке байланысты салықтардан түскен түсімдерден он шақты есе жоғары. Мұндай айқын құрылымдық үйлеспеушілік өндірісті дамытуда барынша қолайлы объективті жағдай жасауға кедергі келтіруде, сонымен қатар дәулетті мүлік иелерін фискалды ауыртпалықтан негізсіз босатып отыр [1, 6.42].

Бюджеттің кіріс базасында дәстүрлі салалардың табысына түсетін шектен тыс салық ауыртпалығының бір бөлігін бүгінгі күні салық жүйесімен мүлде ескерілмейтін - кәсіпкерлік қызметтен алынатын аралас табыстар деп аталатын кіріс түрлеріне аударған жөн. Осы табыс түрінің айтарлықтай бөлігінің «көлеңкелі» тұстарын ескере отырып, «аралас табыстарды» айқындаудың әлемдік тәжірибеде кең тараған мынадай әдістерін белсенді қолдану керек: жылжымайтын мүлік кадастрын енгізу; ірі шығыстарға бақылау жасау:

тұтыну саласында нақты ақшасыз есеп айырысуды кеңейту;
мүлікке шынайы салық салу.

Сондықтан еліміздің салық жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі тұрақты салық салу базасы бар мүліктік салықтардың ролін арттыру болып табылады.

Мүліктік салықтар жалпы салықтық түсімдердің болмашы ғана үлесін құрайды. 2003- 2005 жылдардағы ҚР мемлекеттік бюджетінің орындалу нәтижесі көрсеткендей, бұл салықтардың мемлекеттік бюджет кірістерінің жалпы сомасындағы үлес салмағы 3,5 пайыздан 3,3 пайызға төмендесе, 2005 жылы ол 2,2 пайызға дейін құлдыраған [2, 6.6]. Бұл жағдай соңғы жылдары меншікке салынатын салықтардың ставкаларының екі есе азайтылуымен түсіндіріледі. Сондықтан бұл салықтар әзірге мүліктік қатынастардың ұтымды реттеушісі ролін атқара алмайды және мүлікті пайдалануды арттырудың пәрменді ынталандыру құралы болып табылмай отыр.

Мүлікке салық салу жүйесінде әлі де шешімін таппаған мәселелер жеткілікті. Солардың бірі болып*салық салу базасы ретінде пайдаланылатын баламалы бағалау жүйесінің (мүлікті нарықтық құны бойынша бағалау) болмауы көптеген қиындықтар туғызуда.

Қолданыстағы мүлікке салынатын салықтардың салық базасы шын мәнінде мүліктің нарықтық құнына байланысты емес. Мұндай тәсілдің кемшілігіне мыналар жатады:

салық салу әділетті болып табылмайды, себебі салықтың саралануы байлықтың шынайы саралануымен байланысты емес;
салық салу халықтың әл-ауқатын жақсартуға тікелей қатысты жылжымайтын мүлік құнын өсіруде аумақтық және жергілікті өкімет орындарының қызығушылығын тудырмайды.

Мүліктік салықтарды Қазақстан жағдайында қолданудың ерекшеліктерінің нәтижесінде қосымша теріс салдарлар туындайды. Нақты бұл келесілермен айқындалады:

- заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық тек жылжымайтын мүліктен ғана емес, сол сияқты жылжымалы мүліктерден де алынады;

- жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық өте томен ставкалармен алынатындықтан және салық жеңілдіктерінің де көптігінен, оны жинауға кететін шығын осы салықты әкімшілендіру шығындарына тең;

- жерге салынатын төлемдер тұрақты емес, инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін есептеуге қиындық туғызады және бәсекеге жарамдылығына кері ықпал етеді;

- жаңадан салынған объектілердің көп бөлігіне мүлік салықтары салынбайды, себебі бұл объектілер әлі күнге дейін аяқталмаған құрылыс объектілері ретінде тіркелген;

- заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салық салудағы саралаудағы алшақтық, объектілерді жеке тұлғаларға қайта рәсімдеу арқылы салықтан жалтаруға мүмкіндік береді.

Сонымен, қолданыстағы мүлікке және жерге салық салу жүйесі ұлттық табысты қайта бөлу мен бюджеттерге жеткілікті қаражаттың түсу мүмкіндігін шектеп, негізгі қорларды жаңартуды тежейді,

сондай-ақ салық ауыртпалығын бөлу кезінде әділеттілік қағидасын бұзады.

Қазақстанда мүлікке салық салудың қазіргі жүйесін жетілдіру үшін жер мен онда орналасқан құрылыстар мен ғимараттарды бағалаудың дамыған елдердегідей бірыңғай жүйесі болуы керек. Сондай-ақ жер учаскесі мен онда орналасқан құрылыстар мен ғимараттар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, салық салу мақсатында бұл екі категорияларды біріктіре отырып, салық салу объектісі ретінде жинақталған ұғым - жылжымайтын мүлікті алу керек. Ол бәрінен бұрын, осы саладағы қолданыстағы салықтарды (заңды және жеке тұлғалардан алынатын мүлік салығы және жер салығы) бір салықпен (жылжымайтын мүлікке салынатын салық) ауыстырып, салық салу жүйесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл салықтың болашағының зор екендігін әлемдік тәжірибе де растайды, өйткені «...мүліктік қатынастардың дамуымен өндірістік қызметке салық салудан мүлікке, жылжымайтын меншікке салық салуға көшу үшін алғышарттар шынында да пайда болды». [3, с.89]

Бірыңғай жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесі деп нарықтық құны бойынша бағаланған жер, ғимараттар мен құрылыстардан құралатын жинақталған салық салу объектілерінен тұратын салық түсіндіріледі.

Біздің ойымызша, қолданыстағы мүлікке салынатын салықтар жүйесін жергілікті жылжымайтын мүлікке салынатын салықпен алмастырудың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл салық барынша төмен мобильді салық базасы бар және жергілікті бюджеттерді айтарлықтай салықтық түсіммен қамтамасыз ете алады. Екіншіден, бұл салықтан түскен түсімнің толығымен жергілікті бюджетте қалуы алынған пайда қағидасына жауап береді. Үшіншіден, бұл салықты әкімшілдендіру мәліметтерді жинау, өңдеу және саралауды қамтиды. Бұл ақпараттардың барлығына жергілікті өзін-өзі басқару органдары әрқашан ала алады.

Сонымен бірге жылжымайтын мүлікке салық салуға көшу бұл салықты барынша тиімді жинауға қажетті бірқатар алғышарттарды қалыптастыруды қажет етеді.

Жылжымайтын мүлікке салынатын салық - келешегі зор салықтардың бірі. Оған басқа салықтардан ерекше механизм, соның ішінде салықтың басқадай дара айқындалған объектісі тән.

Жылжымайтын мүлікке салынатын салыққа көшудің негізгі идеясы - салық ауыртпалығын негізгі қорлардың белсенді бөлігінен, ең алдымен, машиналар мен жабдықтардан, пассиві бөлігіне - ғимараттарға, құрылыстарға, құрылғылар мен жерге аудару. Нақты алғанда, бұл салық ауыртпалығын ағымдағы инвестициялардан жинақталған инвестицияларға, яғни жиі-жиі жаңартып тұруды қажет ететін жабдықтардан, неғұрлым ұзағырақ кезеңде жаңартылатын ғимараттар мен жерге ауыстыруды білдіреді. Мұндай қадам жаңа жабдықтарға салық салмауға мүмкіндік береді және инвестициялық процестің дамуын тежейтін кедергілерді жояды. Инвесторлардың көбеюі жылжымайтын мүлікке сұранысты молайтады, шектеулі ұсыныс жағдайында ол жылжымайтын мүлік нарықтық құнының өсуіне әкеледі, бұл сәйкесінше бюджеттің кірісін көбейтеді. Қосымша кірістер инфрақұрылымды жақсартуға баштталуы мүмкін, бұл өз кезегінде жетілдірілген инфрақұрылымды аудандарда орналасқан жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын көтеруге мүмкіндік береді, және ол тағы да бюджеттің кірісінің өсуіне әкеледі. Сонымен, жылжымайтын мүлікке салынатын салықты енгізу жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржыландырудың тиімді механизмін жасауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық белсенділікті көтерудің маңызды факторларының бірі жылжымайтын мүлікке салынатын салықтың енгізілуімен пайда болатын болашақ салық төлемдерін барынша нақты болжаудың мүмкіндігі болып табылады, себебі жылжымайтын мүлікке салынатын салық нарықтық құннан пайыз ретінде есептелінеді және оның өзгеруі де республикалық деңгейде қабылданатын жер салығының ставкасына қолданылатын коэффициенттерге Қарағанда барынша айқын.

Сонымен қатар, нарықтық құн негізінде салық салу жер ресурстарын барынша тиімді пайдалануға ынталандырады. Жер учаскесін пайдалануға салық ауыртпалығының өсуі оны барынша онтайлы пайдалануға итермелейді. Нәтижесінде көптеген қалалардың орталығында сақталған ірі өндірістік алаңдар, біртіндеп ығысып коммерциялық жылжымайтын мүліктер (дүкендер, кеңселік орталықтар, қонақ үйлер және т.б.) мен беделді (престижнім) тұрғын үй аудандарына орнын береді.

Жылжымайтын мүлікті жасырудың қиын екенін ескерер болсақ, жылжымайтын мүлікке салынатын салыққа көшуді салық жинауды көтеру әдісі ретінде қарастыруға болады, бұл бәрімізге белгілі, қазіргі уақытта мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Мүлікке салық салу жүйесі үш қызмет атқаруға тиіс: фискалдык, яғни бюджетті қажетті деңгейде түсіммен қамтамасыз ету, ынталандыру - экономиканы дамытуға қабілеттілік және әлеуметтік - әлеуметтік әділеттілік қағидасының орындалуын қадағалау және халықтың төмен немесе тіркөдген табыс алатын топтарын (зейнеткерлер, оқушылар, мүгедектер) қолдау. Өзінің мазмұны жағынан жаңа

жылжымайтын мүлікке салынатын салық жоғарыда аталған үш функцияның да орындалуын қамтамасыз етуге қабілетті.

Фискалдық қызмет. Жылжымайтын мүлікке салынатын салық жергілікті бюджетті түсімнің тұрақты деңгейімен қамтамасыз етуге қабілетті, себебі нақты жылжымайтын мүлік басқа актив түрлері мен табыстармен салыстырғанда салық салудың барынша тұрақты объектісі болып табылады. Екінші жағынан, салықтарды жинауға жағдай жасалады, себебі жылжымайтын мүлікті салық салудан жасыру айтарлықтай қиын.

Ынталандырушы функция. Біріншіден, жаңа салықты алуды ұйымдастыру үшін тек жылжымайтын мүлік қана алынатын еді, бұл өндірісті техникалық қайта жарақтандыруға инвестиция салуға итермелейді. Екіншіден, салық салу мақсатында жылжымайтын мүлікті нарықтық құны бойынша бағалау қымбат ғимараттар мен жерлерге барынша жоғары салық салуға әкеледі, бұл өз кезегінде оларды оңтайлы пайдалануға ынталандырады. Үшіншіден, ғимараттар мен жерлерді олардың нақты құны бойынша мемлекетпен заңдастырылған бағалау қалалық құрылысты жоспарлауды жақсартуға қабілетті және жылжымайтын мүлік саласында нарықтық қатынастардың дамуына итермелейді (жеделдетеді).

Әлеуметтік функция. Қымбат әрі пайдалы орналасқан жылжымайтын мүлікке үлкен мөлшерде салық алу жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын ескермейтін, мүлікке салық салудың қолданыстағы жүйесіне Қарағанда, салық ауыртпалығын барынша әділетті түрде бөледі.

Жылжымайтын мүлікке салынатын салық тұжырымдамасы бірқатар қағидаларға негізделеді.

Біріншіден, жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесінің қарапайымдылығы мен айқындылығы (прозрачность). Салық базасы жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құны бойынша бағалануымен анықталуы және оған тек қана ғимараттар, құрылыстар және жер учаскелері енуі қажет.

Екіншіден, салық салу объектісі болып жер және онда орналасқан ғимараттар мен құрылыстар біртұтас ретінде (жер ұзақ уақыт бойы сату құралы болып табылмады, әйтсе де қандай да бір жылжымайтын мүлік объектісінің құнында жер құрамының үлесі бар), яғни салық жер мен ғимарат құнына байланысты анықталады.

Үшіншіден - салық ауыртпалығын әділетті болу. Жылжымайтын мүлікті өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық мақсатта пайдалану жағында заңды және жеке тұлға арасындағы айырма алынып тасталады. Жаңа салықтың ставкасы жылжымайтын мүліктің барлық түріне бірдей болуға тиіс, бірақ салық салуға тиіс нарықтық күнмен бағаланған үлесі жылжымайтын мүлік түрлеріне байланысты ауытқиды. Коммерциялық жылжымайтын мүлік үшін бұл үлес нарықтық құнының 70-100% құрайтын болса, өнеркәсіптік жылжымайтын мүлік үшін - 50-70%, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер үшін - 10-30%, тұрғын үй үшін - 2,5-10% құрайды. Сонымен қатар тұрғын үй бөлігіндегі салық ауыртпалығы болмашы ғана өсуі қажет, яғни жылжымайтын мүлікке салынатын салық азаматтар меншігінде осындай пәтерлерді жалға беру ақысынан аспауы керек.

Төртіншіден, - жаңа салыққа көшу кезінде салық ауыртпалығының өзгеруін талдау негізінде құрылған салық жеңілдіктері мен ынталандырулардың айқын әрі түсінікті жүйесі.

Сонымен, өзінің сипаты жағынан жылжымайтын мүлікке салынатын салық аймақтың экономикалық дамуы мен мүлікті оңтайлы пайдалануға итермелейтін жергілікті салық болуы қажет. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту міндеттерін ескере отырып, нақ жылжымайтын мүлікке салынатын салық, бәрінен де бұрын оны әкімшілендіруді жергілікті билік органдарына уәкілдігіне беру ыңғайлы, ал одан түскен түсімді толығымен жергілікті бюджетке аудару қажет. Жылжымайтын мүлікке салынатын салық жергілікті билік оның енгізілуіне мүдделі болған кезде ғана, жергілікті бюджеттің тұрақты кіріс көзі бола алады. Муниципалдық құрылымдар мен олардың бөлімшелері (поселкелік және ауылдық округтер, қалалардың аудандары) белсенді түрде атсалысқан жағдайда ғана салық салу базасы мен салықтың жиналуын толық деңгейде қамтамасыз ету мүмкін болады.

1. Ушаков Е. Недвижимость в системе налогообложения. //РЭЖ, 1999, №2.
2. Статистикалық бюллетень. №12 (84), желтоқсан 2005 жыл
3. Беляев А.А. Эволюционная модель реформирования рос. экономики. - М: ОМПРТ РАГС, - 1995

* * *

Ж. Бекболатұлы
(“Заман-Қазақстан” газеті)

Республиканың электронды ақпараттық кеңістігі

Еліміздің мемлекеттік басқару органдары екі деңгейден: орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан тұрады. Бүгінгі таңда шалғай ауылдар мен Астанадағы орталық басқару органдарын бірыңғай электрондық басқару желісіне енгізу үшін бірқатар ұйымдық-техникалық шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі “Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы” №427 Жарлығында бірыңғай ақпараттық жүйені қалыптастыру, мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымын кезең-кезеңмен құру стратегиясы айқындалды¹. Еліміздің басқару жүйесінде құжат айналымының шапшаң жүргізілуі арқасында қабылданған жарлық-бұйрықтардың, қаулы-қарарлардың орындаушысына неғұрлым тез жетіп, шешімдердің жүзеге асырылу пәрменділігінің артатындығы мәлім. Оның маңыздылығы-орталық және жергілікті мемлекеттік органдар арасында құжаттардың есепке алынуына, өтуіне, келісілуіне және орындалуына ұйытқы болу. Осы арқылы келіп түскен құжаттар мен материалдардың, азаматтардың өтініштерінің каралу мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік туады.

Қазіргі таңда ғылыми қайтымды өндіріс бағдарламасын дайындайтын мекемелерді дамытуға, өндіріс пен қоғамды басқарудың түрлі салаларына тиімділік мен технологиялық серпіліс беретін тұтқаларға баса назар аударылып отыр. Электронды бірыңғай құжат жүйесінің дамуы экономикамыздың өркендеуіне мұрындық бола алады. Себебі, қазіргі таңда электрондық есептеу техникасына және бағдарламалық камтамасыз ету құралдарына деген сұраныс әлемдік экономиканың ақпарат өндіруге, таратуға және беруге қатысты саласының жедел дамуына себепкер болып отыр.

Өткен ғасырдың 70- жылдарының басында сөз болған индустриялық қоғамнан кейін келетін “ақпараттық қоғам” ұғымы бүгінгі таңда ақиқатқа айналып отыр². Гуманистік максаттараға бағытталаған еркін “ақпараттық қоғам” идеясы ақпараттандыруға қатысты бірқатар үкіметтік бағдарламаларды дүниеге әкелді. Электронды техниканың дамуы қоғам трансформациясына бастайтыны, “электронды есептеу техникасы мен байланыс құралдарының конвергенциясы” өндірістік дамуды түбегейлі өзгертетіні туралы болжамдар Интернетта дүниеге әкелді.

Қазіргі таңда әлемнің дамыған елдерінің барлығы дерлік ақпараттық қоғам құру және оны дамыту жөніндегі өз саясатын айқындаған. Мәселен, 1993 жылы қабылданған “АҚШ әкімшілігінің Ұлттық ақпараттық инфрақұрылым саласындағы іс-жоспары” Б.Клинтон - А.Гор әкімшілігінің маңызды бастамасы болды. 1994 жылғы шілдеде Европалық

